

DEXP

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

DEXP 1MG70B

DEXP 1MG70S

DEXP 1MG70W

газ түмшәпеш шкафы

Мазмұны

Құрылғының мақсаты	5
Қауіпсіздік техникасы ережелері	5
Газдың ағуы кезіндегі әрекеттер реті	7
Орнату	8
Орнату орнын таңдау	8
Газға қосылу	8
Газ түрінің өзгеруі	9
Электр қуатына қосылу	9
Пайдалану	10
Бірінші қолдану	10
Аксессуарлар	11
Сөрелерді орнату	12
Істікті қолдану	12
Шамды ауыстыру	13
Тұмшапеш шкафты бекіту	13
Желдету тесіктері	13
Құрылғыны орнату	14
Тазалау және қызмет көрсету	14
Мүмкін проблемалар және оларды шешу	15
Техникалық сипаттамалары	15
Энергия тиімділігі туралы ақпарат	16
Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату қағидалары мен шарттары	17
Қосымша ақпарат	18

Құрметті сатып алушы!

Біздің өнімдерді таңдағаныңыз үшін Сізге алғыс айтамыз.

Біз Сізге жоғары сапа, функционалдылық және дизайн талаптарына сәйкес әзірленген және жасалған бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастамас бұрын, Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оны күту бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықтың сақталуына назар аударыңыз және оны бұйымды одан әрі пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғының мақсаты

Тұмшاپеш шкафы тағамдарды дайындауға, сондай-ақ дайын тамақ өнімдері мен тағамдарды жылытуға арналған.

Қауіпсіздік техникасы ережелері

- Барлық қаптама материалдарды (пластик пакеттер, көбік материалдан жасалған төсемдер және т.б.) балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз. Қаптама материалдары балаларға қауіп төндіруі мүмкін.
- Орнату, газға қосысу және баптау бойынша барлық операцияларды жергілікті газбен жабдықтау компанияларының нұсқамаларына сәйкес сертификатталған маман жүргізуі тиіс. Қате орнату және қосылу пайдаланушының өмірі мен денсаулығына қауіп төндіруі мүмкін.
- Құрылғы балалар мен физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі адамдардың пайдалануына арналмаған, тек олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа адамдар бақылауды жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда. Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.
- Құрылғының электр қауіпсіздігіне, егер ол қолданыстағы электр қауіпсіздігі нормаларына сәйкес жерге тұйықталған болса ғана кепілдік берілуі мүмкін. Құрылғыны жерге тұйықтаудың дұрыстығына күмән туындаған жағдайда, білікті маманға хабарласыңыз.
- Орнату алдында жергілікті тарату желілерінің сипаттамалары (газдың түрі мен қысымы) құрылғының сипаттамаларына сәйкес келетіндігін тексеру қажет.
- Алғашқы қыздыру кезінде жаңа аспапқа тән иісі пайда болады, және ол жақында жоғалады. Бөлменің жақсы желдетілгеніне көз жеткізіңіз немесе терезені ашыңыз немесе сорғышты қосыңыз.
- Құрылғының желдеткіш тесіктерінің бұғатталмағанына көз жеткізіңіз.
- Құрылғының бөліктерін өзіңіз жөндеуге, баптауға немесе ауыстыруға тырыспаңыз. Уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Егер қуат кәбілі зақымдалған болса, оны ауыстыруды қызмет көрсету орталығының маманы жүргізуі керек.
- Қуат кәбілін бүгуге немесе қысуға болмайды.
- Егер кәбіл зақымдалған болса, құрылғыны пайдаланбаңыз, уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

- Ешқашан құрылғыны суға немесе басқа сұйықтықтарға батырмаңыз.
- Ешқашан құрылғыны газ беру шлангынан немесе электр кәбілінен тартпаңыз. Оларды мұқият өңдеңіз. Олардың есіктермен қысылмағанына және өткір жиектер мен бұрыштарға тимейтініне көз жеткізіңіз. Оларды ыстық беттерден алыс ұстаңыз.
- Пісіру аяқталғаннан кейін әрқашан конфорканы өшіріңіз.
- Бетті тазарту үшін металл щеткаларды және/немесе абразивті тазартқыш құрылғыларды пайдаланбаңыз.
- Бумен күйіп қалмас үшін тұмшاپештің есігін ашқан кезде абай болыңыз.
- Тұмшاپештен ыстық ыдыстарды алу үшін ұстағышты пайдаланыңыз.
- Құрылғыны құрғақ жерде сақтаңыз.
- Құрылғы зақымдалған немесе дұрыс жұмыс істемеген жағдайда ашаны розеткадан дереу алыңыз және газ беруді тоқтатыңыз.
- Егер аша, газ беру шлангысы немесе тұмшاپештің өзі зақымдалған болса, құрылғыны пайдаланбаңыз.
- Газ қосылған немесе ажыратылған кезде құрылғы өшірілуі керек.
- Құрылғыны тек осы нұсқаулықта сипатталған тәртіпке сәйкес орнатыңыз.
- Қосылған құрылғыны қараусыз қалдырмаңыз. Тұтану жағдайында ешқашан суды сөндіру үшін пайдалануға болмайды. Газды өшіріңіз және отты тығыз матамен жабыңыз.
- Бөлмені жылыту үшін құрылғыны пайдаланбаңыз.
- Құрылғының бетін тазарту үшін бу тазартқышты пайдаланбаңыз.
- Тазалағыш заттарды құрылғының жанында сақтамаңыз.
- Тек металл ыдыстарды қолданыңыз. Пластмасса ыдыстарын пайдалану өртке әкелуі мүмкін.
- Ешқашан ыстық кастрюльдер мен табаларды басқару тұтқаларына салмаңыз. Бұл олардың зақымдануына және істен шығуына себеп болуы мүмкін.
- Егер қандай да бір тұтқа бұрылмаса, артық күш жұмсамаңыз. Ауыстыру үшін қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Құрылғыны желіге қосқан кезде ұзартқыш сымды немесе адаптерді пайдаланбаңыз.
- Бұл құрылғыны тек жақсы желдетілетін бөлмелерде орнатуға болады.
- Тазалау және/немесе қызмет көрсету бойынша кез келген іс-қимылдарды жүргізу алдында газ беруді жабу қажет.
- Құат көзі және газ беру кәбілін плитаның қыздырылатын бөлшектерімен жанасуына жол бермеу үшін тұмбаға бекіту қажет.
- Плитаның жұмысы кезінде өтпе желдің жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Ауа ағыны конфоркадағы жалынды сөндіруі мүмкін.
- Желдетуге қойылатын талаптарға ерекше назар аудару керек: табиғи желдету саңылауларына кедергі жасамаңыз немесе механикалық желдету құрылғысын орнатыңыз (сорғыш). Құрылғыны ұзақ немесе қарқынды пайдалану кезінде қосымша немесе одан да көп қарқынды желдету қажет болуы мүмкін: терезені ашыңыз немесе механикалық сорғыштың қуатын арттырыңыз.
- Ыдыстарды құрылғы ішінде сақтамаңыз.

- Жоғары құрамды спиртті бар сусындар қолданылатын тағамдарды дайындау ұсынылмайды. Жұмыс камерасындағы спирт буы жануы мүмкін. Тағамға аз мөлшерде жоғары құрамды спиртті сусындарды қосыңыз және есікті абайлап ашыңыз.
- Тек осы құрылғыға ұсынылған жылу сүңгішін пайдаланыңыз.
- Құрылғы үй-жайдан тыс жерде пайдалануға арналмаған.
- Шырынды жеміс қаусырмаларын пісіру кезінде пісіру табағын толығымен толтырмаңыз. Жемістерден алынған шырын пісіру табағынан ағып, дақтарды қалдырады, оларды жою мүмкін емес болады. Мүмкіндігінше терең әмбебап пісіру табағын қолданыңыз.
- Аспапты ашық есікпен суытуға қалдырмаңыз. Аспаптың есігі жай ғана ашық болса да, уақыт өте келе көрші жиһаздың қасбеттеріне зақым келтіруі мүмкін. Сонымен қатар, құрылғы жұмыс істеп тұрған кезде есікті жиі ашу ұсынылмайды.

Газдың ағуы кезіндегі әрекеттер реті


Егер сіз газдың иісін сезсеңіз:

- Кез келген отты сөндіріңіз.
- Электр аспаптары мен жарықтандыруды қоспаңыз.
- Құрылғының жанында телефонды пайдаланбаңыз, бөлмеден шығыңыз және ашық және желдетілетін жерден көмек сұраңыз.
- Газ ағының келуін шұрамен жабыңыз немесе газ реттегішін ажыратыңыз.
- Құрылғының басқару панелін тексеріп, барлық тұтқалардың «OFF» күйінде екеніне көз жеткізіңіз.
- Бөлмеде жақсы желдетуді қамтамасыз етіңіз - терезелер мен есіктерді ашыңыз.
- Егер газ баллоннан шығып кетсе, оны ажыратып, баллонды көшеге немесе жақсы желдетілетін үй-жайға апарыңыз.
- Қызмет көрсету орталығына немесе газбен жабдықтау кәсіпорнына дереу хабарласыңыз.

Орнату


Орнату орнын таңдау

1. Құрылғының жұмысы кезінде бөлмеде жылу, ылғал және жану өнімдері пайда болады.
2. Құрылғы жұмыс істеп тұрған кезде бөлмені неғұрлым қарқынды желдету немесе механикалық сорғышты пайдалану қажет. Әйтпесе, Сіз оттегінің жетіспеушілігіне тап болуыңыз мүмкін, бұл денсаулыққа және газдың қасиеттеріне теріс әсер етеді.
3. Газдың қасиеттеріне теріс әсер ететін немесе қыздырғыштың жалынын сөндіретін өтпе желі жоқ орынды таңдаңыз.
4. Қосудан бұрын жергілікті қосылым шарттары (газдың түрі мен қысымы) құрылғының баптауларына сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
5. Газ плитасын кілем төсеміне орнатпаңыз.
6. Артық жылу көзі болып табылатын тоңазытқыштың жанына газ плитасын орнатпаңыз.



Газға қосылу

1. Газ плитасы сұйытылған және табиғи газбен (LPG және NG) жұмыс істейді.
 2. Нақты газ түріне сәйкес келетін қысым реттегішін қолданыңыз. Газ реттегішінің болмауы газ қысымының жоғарылауына немесе ағып кетуіне әкелуі мүмкін. Әрқашан қысым реттегішін тексеріңіз. Газ жеткізуге арналған шланг пен реттегішті әр 5 жыл сайын ауыстыру керек.
- **Қысым реттегішінің сипаттамалары**
 - Қысым: сұйытылған газ (LPG) – 29 мбар, табиғи газ (NG) – 20 мбар.
 - Максималды тұтыну: 2 кг/сағ.
3. -20 °C-ден 100 °C-қа дейінгі температура диапазонында қолдануға болатын ПВХ газ тарту шланғысын таңдаңыз.
 - Шлангта ешқандай қосылым немесе зақым болмауы керек.
 - Шлангты жылу көздеріне немесе плитаның артына қоймаңыз.
 - Шлангтың ұзындығы - 125 см-ден аз.
 4. Мүмкіндігінше ас үйге газ баллонын орнатпаңыз.
 5. Газ плитасына қосылу үшін 1/2» металл шлангты пайдаланыңыз.
 6. Пластикалық шлангты егер ол газ плитасының артқы жағы арқылы өте алмаған жағдайда ғана қолданыңыз.



Ескертпе: міндетті түрде газ беруді ашу және жабу мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін қауіпсіздік клапанын орнатуды ұмытпаңыз. Қауіпсіздік клапанын газ беру желісі мен құрылғы арасында орнатыңыз. Бұл клапанға кедергісіз қол жетімділік бар екеніне көз жеткізіңіз. Газды қосқаннан кейін қосылыстың саңылаусыздығын сабынды сүмен тексеріңіз. Құрылғыны қосыңыз, барлық конфоркаларды жағыңыз және күшті және әлсіз жанған кезде жалынның тұрақты жанып тұрғанына көз жеткізіңіз.

Газ түрінің өзгеруі

Құрылғыны басқа газ түріне қайта баптауға болады. Газдың басқа түріне көшуді қолданыстағы ережелерге сәйкес білікті маман жүргізуі тиіс.

Газдың басқа түріне ауысу үшін қыздырғыштың инжекторын ауыстырып, әлсіз жалынды реттеу керек.

Инжекторды ауыстыру:

- Тұмшاپеш шкафтың артқы жағын алыңыз.
- Қыздырғыштың алдыңғы жағындағы бұранданы босатыңыз және оны жоғары қарай тартыңыз.
- Инжекторды бұрап, оны жаңа газ түрімен қолдануға жарамды түріне ауыстырыңыз.
- Құрастыру үшін нұсқауларды кері ретпен орындаңыз.


Электр қуатына қосылу.


Желінің кернеуі құрылғының техникалық сипаттамаларында көрсетілгенге сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Құрылғының жерге тұйықталғанына және бөлменің электр сымдары құрылғының жүктемесіне төтеп бере алатындығына көз жеткізіңіз.

Желімен қосылу контактілер арасындағы саңылауы кемінде 3 мм әмбебап оқшаулағыш құрылғы арқылы орындалуы тиіс.

Қосу әдісі III асқын кернеу санаты үшін шарттарға сәйкес толық оқшаулауды қамтамасыз етуі тиіс.

Құрылғыны электр желісіне қосу үшін келесі әрекеттерді орындаңыз:


- Құрылғының артқы панеліндегі клемма қорабын ашыңыз.
- Клемма негізінде кәбілді орнында ұстап тұрған бұранданы босатыңыз.
- Кәбіл көрсетілген техникалық сипаттамаларға сәйкес келуі және жеткілікті ұзақ болуы керек.
- Сары-жасыл сымды клеммаға қосыңыз .
- Көк бейтарап сымды N клеммасына қосыңыз.
- Қоңыр кәбілді I клеммасына қосыңыз.



Пайдалану

Бірінші қолдану

1. Максималды температураны орнатыңыз және тұмшاپеш шкафы 45 минут жұмыс істеуі керек.
2. Тұмшاپештің суығанын күтіп, оны жылы суға малынған таза шүберекпен сүртіңіз.
3. Барлық аксессуарларды мұқият жуыңыз (түпқойма, торлар және т.б.).



K1 реттеу тұтқасы

- Тұмшاپештің төменгі жағындағы қыздырғышты қосу үшін K1 реттеу тұтқасын басып, сағат тіліне қарсы бұраңыз. Жалынның тұрақтануын күтіңіз. Тұтқаны босатып, қажетті температураны орнатыңыз.
- Тұмшاپештің жоғарғы жағындағы қыздырғышты қосу үшін K1 реттеу тұтқасын басып, сағат тілімен бұраңыз. Жалын тұрақтанған кезде тұтқаны босатыңыз.




Газ қыздырғышын қолмен тұтату

Қыздырғышты жағу үшін реттеу тұтқасын басып, сағат тіліне қарсы немесе сағат тілінің бойымен бұраңыз, сондықтан тұтқа максималды позицияда болады, сіріңкені, шамды немесе басқа от көзін қыздырғыштың алдыңғы сол жақ бұрышындағы тұтану саңылауына апарыңыз. Тұрақты жалынды көргеннен кейін от көзін алыңыз.

К2 реттеу тұтқасы

Таймерді орнату үшін К2 тұтқасын сағат тілімен қажетті уақытқа бұраңыз. Таймерді 120 минутқа дейін орнатуға болады. Белгіленген уақыт өткеннен кейін ол дыбыстық сигнал шығарады, бұл ретте газ беру автоматты түрде өшпейді.

К3 реттеу тұтқасы


- К3 реттеу тұтқасын  таңбаға дейін сағат тіліне қарсы бұраңыз, осылайша тұмшاپеш шкафтағы жарық қосылады.
- К3 реттеу тұтқасын   таңбаға дейін сағат тілімен бұраңыз, тұмшاپеш шкафта жарық қосылады және шұраның айналуы қосылады.

Ескертпе: құрылғы жұмыс істеп тұрған кезде, күйіп қалмас үшін тұмшاپеш шкафтың ішкі қабырғаларына, әсіресе қыздыру элементіне қол тигізбеңіз. Қолданар алдында құрылғыны 15 минут қыздырыңыз.

Аксессуарлар


Істік

Орташа айналу жылдамдығы көп қоректік заттарды сақтай отырып, тағамды біркелкі құюруға мүмкіндік береді.




Тор

Қуыруға, ыдыстарды және қаусырманы пісіруге арналған қалыптарды орнату үшін.



Әмбебап пісіру табағы


Көбірек тамақ дайындау үшін: пісіру, мұздатылған тағамдар және т. б.



Бүйірлік тірек торлары

Үлкен мөлшердегі тағамдарды дайындау үшін тұмшاپеш шкафтың ішіндегі бүйірлерде орналасқан бұл торларды алып тастауға болады, «Гриль», «Жылыту+Гриль», «Жылыту+Гриль+Конвекция» функциясын қолдану кезінде тұмшاپештің түбіне пісіруге арналған қалыпты орналастыруға болады.


Ескертпе: қалыпты тұмшاپеш шкафтың түбіне қойғанда, барлық жылу сол жерде шоғырланбауы үшін «Төменнен жылыту» функцияларын пайдаланбаңыз.



Телескопиялық бағыттағыштар

Кейбір үлгілер телескопиялық бағыттағыштармен жабдықталған. Телескопиялық бағыттағыштар мен бүйірлік торларды тұмшاپеш шкафқа бекітілген бұрандаларды бұрап алып тастауға болады. Оларды бөлшектегеннен кейін тұмшاپеш шкафтың түбіне «Гриль», «Жылыту+Гриль», «Жылыту+Гриль+Конвекция» функцияларын қолдана отырып, пісіруге арналған ыдыстарды қоюға болады.


Ескертпе: қалыпты тұмшاپеш шкафтың түбіне қойғанда, барлық жылу сол жерде шоғырланбауы үшін «Төменнен жылыту» функцияларын пайдаланбаңыз.





Сөрелерді орнату

Тұмшاپеш шкафтың жиынтығындағы сөрелерді қауіпсіз пайдалану үшін олардың бүйір шығыңқы жерлерінің арасында дұрыс орналасқанына көз жеткізіңіз. Жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін бірінші және бесінші шығыңқы жерлердің арасына сөрелер мен пісіру табағын қою ұсынылады.

Сөрелерді суретте көрсетілгендей етіп орнатыңыз: осылайша ыстық тағамдар тұмшاپеш шкафтан шығарылған кезде беті бойынша қозғалмайды.




немесе




Істікті қолдану

Істік тағамдарды біркелкі қуыру үшін грильге арналған қыздыру элементімен бірге қолданылады.




немесе



Шамды ауыстыру


1. Құрылғының ашасын қуат көзінен шығару арқылы қуатты өшіріңіз немесе желілік сүзгіні өшіріңіз.
2. Шамның әйнек қорғанысын сағат тіліне қарсы бұраңыз (ол нашар қозғалуы мүмкін екенін ескеру керек) және шамды жаңа түрге ауыстырыңыз.
3. Шамды қорғауды қайтадан бұраңыз.



Ескертпе: тек 25-40 Вт/ 220-240 В, Т300 °С сипаттамалары бар галогендік шамдарды пайдаланыңыз.


Тұмшاپеш шкафты бекіту

1. Тұмшاپеш шкафты ас үй секциясының дайындалған саңылауына салыңыз.
2. Тұмшاپеш шкафтың есігін ашыңыз.
3. Ас үй секциясының ішіндегі тұмшاپеш шкафты екі «А» ұстағышпен бекітіп, оларды тұмшاپеш шкафтың жақтауындағы тесіктермен біріктіріп, оны «В» бұрандаларымен бекітіңіз.



Желдету тесіктері


Пісіру процесі аяқталған кезде, кідірту немесе күту режимінде және тұмшاپеш шкафтың ортасындағы температура 70 °С-тан жоғары болса, салқындатқыш желдеткіш жұмысын жалғастырады. Егер тұмшاپеш шкафтың ортасындағы температура 60 °С-тан аз болса, салқындатқыш желдеткіш автоматты түрде тоқтайды.



Желдету тесіктері

Құрылғыны орнату

1. Тұмшاپеш шкафты орнатқан кезде, құрылғының жоғарғы жағы мен ол орнатылған шкафтың арасында кем дегенде 80-85 см бос орын қалдырыңыз.
2. Сыртқы қабырғаларды тиімді желдету үшін құрылғының екі жағында кемінде 2 см бос орын қалдырыңыз.
3. Желдеткіш тесіктердің бітелмегеніне көз жеткізіңіз.



Тазалау және қызмет көрсету

Құрылғының дайындалған тағаммен тікелей байланыста болатын бөліктерін үнемі тазалаңыз.

- Құрылғыны тазалау және қызмет көрсету алдында оны қуат көзінен ажыратыңыз.
- Барлық реттегіштерді «0» күйіне орнатыңыз.
- Құрылғының іші ыстық болуын тоқтатқанша, сәл жылы болғанша күтіңіз, бұл жағдайда тазалау оңай болады.
- Құрылғының беттерін дымқыл шүберекпен, жұмсақ щеткамен немесе сорғышпен тазалаңыз, содан кейін құрғатып сүртіңіз. Қатты ластанған жағдайда ыстық су мен жуғыш затты қолданыңыз.
- Тұмшاپеш шкафтың есігінің әйнегін тазарту үшін қатты металл сорғыштар мен қырғыштарды пайдаланбаңыз, олар бетті тырнап, әйнекке одан әрі зақым келтіруі мүмкін.
- Тот баспайтын болаттан жасалған бөлшектерге қышқыл бар заттардың (лимон шырыны, сірке суы және т.б.) түсуіне жол бермеңіз.
- Құрылғыны тазарту үшін жоғары қысымды тазартқышты пайдаланбаңыз. Пісіру табағын жуғыш заттың әлсіз ерітіндісінде жууға болады.

Назар аударыңыз: құрылғыны тазалау кезінде абразивті заттарды пайдаланбаңыз.

Мүмкін проблемалар және оларды шешу

Проблема	Мүмкін себеп	Шешім
Газдың иісі	Шлангтың немесе газ құбырының зақымдануы	Құрылғы қосылымын тексеріңіз
	Қысым реттегіші нашар орнатылған	Қысым реттегішінің қосылуын тексеріңіз
	Жұмыс кезінде қыздырғыш кездейсоқ сөніп қалды	Қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз
	Қыздырғыштар дұрыс орнатылмаған	Қыздырғыштарды дұрыс күйге орнатыңыз
Жағымсыз иіс	Өндірісте қолданылатын майлау материалдары	Алғашқы қолданғаннан кейін иіс жоғалады
Сыртқы шу	Қыздыру салдарынан металды кеңейту	Бұл қалыпты құбылыс
Қуат көзі жоқ	Құрылғы электр желісіне қосылмаған	Құрылғының желіге дұрыс қосылғанын тексеріңіз




Техникалық сипаттамалары

Үлгісі	1MG70B	1MG70W	1MG70S
Газ санаты	LPG (NG)		
Түрі мен газ қысымы	G30 29 мбар G20 20 мбар		
Қуат параметрлері	220-240 В, 50/60 Гц		
Қуаты	0,04 кВт		
Жылудық қуат (жоғарғы оттық)	1,6 кВт		
Газды тұтыну (жоғарғы оттық)	116 г/сағ		
Жылудық қуат (төменгі оттық)	2,2 кВт		
Газды тұтыну (төменгі оттық)	160 г/сағ		
Тұмшапеш шкафының көлемі	62 л		
Габариттері	595x575x595 мм	595x575x595 мм	595x575x595 мм
Жұмыс камерасының өлшемі	460x450x350 мм	460x450x350 мм	460x450x350 мм
Температура диапазоны	160-265 °C	160-265 °C	160-265 °C


Энергия тиімділігі туралы ақпарат

Энергетическая эффективность
Энергетикалық тиімділік

Жарық шайырағы/жарық шайырағы пешінің
DEXP
1MG70W
Производитель/өндiрушi
Модель/модель




4,5 МДЖ/цикл



62 л

Энергетическая эффективность
Энергетикалық тиімділік

Жарық шайырағы/жарық шайырағы пешінің
DEXP
1MG70S
Производитель/өндiрушi
Модель/модель





4,5 МДЖ/цикл




62 л

Энергетическая эффективность
Энергетикалық тиімділік

Жарық шайырағы/жарық шайырағы пешінің
DEXP
1MG70B
Производитель/өндiрушi
Модель/модель



4,5 МДЖ/цикл



62 л

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату қағидалары мен шарттары

- Құрылғыны монтаждау ережелері мен шарттары осы нұсқаулықта «Орнату» бөлімінде сипатталған.
- Құрылғыны сақтау өндіруші мен тұтынушының қаптамасында жылытылатын үй-жайларында 5 °С-тан 40 °С-қа дейінгі ауа температурасында және 80%-дан аспайтын ауаның салыстырмалы ылғалдылығы кезінде жүргізілуі тиіс. Үй-жайларда коррозия тудыратын агрессивті қоспалар (қышқыл булары, сілтілер) болмауы тиіс.
- Құрылғыны дұрыс тасымалдауды қамтамасыз ету үшін келесі талаптарды сақтау қажет:
 - құрылғыдан барлық ішкі керек-жарақтарды, егер бар болса, алып тастаңыз және оларды бөлек салыңыз;
 - құрылғының жұмыс қабілеттілігі мен сыртқы түрін сақтау үшін оның қаптамасының дұрыстығына көз жеткізіңіз (ірі габаритті техниканы сыни жерлерде гофрленген картоннан жасалған астары бар полиэтилен немесе көпіршікті қаптамаға қаптау қажет);
 - құрылғыны көлік құралы арқылы жылжыту мүмкіндігін болдырмау үшін белдіктермен мықтап бекітіңіз;
 - сыртқы ортаның әсерін толығымен жою үшін тек жабық көлікті пайдаланыңыз;
 - тиеу-түсіру жұмыстарын орындау кезінде қаптамамен өте сақ болуды қамтамасыз етіңіз.
- Құрылғы мұқият өңдеуді қажет етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т. б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Осы бұйымды жою қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуға тиіс. Осы бұйымды дұрыс жоюды қамтамасыз ете отырып, сіз қоршаған ортаға және адам денсаулығына зиянды зиянды болдырмауға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Бұл бұйымды қабылдау және жою пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда дереу уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Гуандун Мидэа Китчен Эпплайнсес Мэньюфэкчеринг Ко., Лтд.
Юн Ань тас жолы, 6, Бэйцзяо, Шуньдэ, Фошань, Гуандун пров., Қытай.
Қытайда жасалған.

Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Қазақстан.

Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға: «DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Тауар Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді
КО ТР 016/2011 «Газ тәрізді отынмен жұмыс істейтін аппараттардың қауіпсіздігі туралы».

Бұйымның сыртқы түрі және оның сипаттамалары алдын ала ескертусіз өзгерістерге ұшырауы мүмкін.

Интернеттегі мекенжайы: www.dexr.club



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

V.4

Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жинақтарда ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілдік қызмет көрсету пайдаланушының нұсқаулығына сәйкес өнімді пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыруды қамтиды. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 36 ай.

Пайдалану мерзімі: 60 ай.

Сервис орталықтарының өзекті тізімі мына мекенжай бойынша:

<https://www.dns-shop.ru/service-center/>

Кепілдік міндеттемелер және тегін сервистік қызмет көрсету егер оларды ауыстыру бұйымды бөлшектеуге байланысты болмаса, тауардың жиынтықтылығына кіретін, төменде санамаланған керек-жарақтарға қолданылмайды:

- ҚБП (Қашықтан басқару пульті) үшін қуат элементтері (батареялар).
- Жалғағыш кәбілдер, антенналар және оларға арналған адаптерлер, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылары; жиынтықта жеткізілетін әртүрлі типтегі ақпарат тасығыштар, бағдарламалық қамтамасыз ету (БҚ) және драйверлер (қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, бұйымның қатты магнитті дискілеріндегі жинақтағышқа алдын ала орнатылған), сыртқы енгізу - шығару құрылғылары және манипуляторлар.
- Қаптамалар, сөмкелер, белдіктер, тасымалдауға арналған баулар, монтаждық құрылғылар, құралдар, бұйымға қоса берілетін құжаттама.
- Табиғи тозуға ұшырайтын шығын материалдары мен бөлшектер.



Өндіруші келесі жағдайларда кепілдік міндеттемелерін көтермейді:

- Кепілдік мерзімі аяқталды.
- Егер жеке (тұрмыстық, отбасылық) қажеттіліктерге арналған бұйым кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін, сондай-ақ оның тікелей мақсатына сәйкес келмейтін өзге де мақсаттарда пайдаланылса.
- Өндіруші бұйымды пайдалану кезінде пайдаланушы басшылығының талаптарын бұзу, бұйымды орнату және оған қызмет көрсету жөніндегі ұсынымдарды, қосу ережелерін (бұйымның өзіне де, онымен жанасқан бұйымдарға да сәйкес келмейтін желілік кернеудің әсері нәтижесінде туындаған қысқа тұйықталулар) сақтамау салдарынан бұйымның иесі және/немесе үшінші тұлға шеккен ықтимал материалдық, негізгі және өзге де зиян үшін жауапты болмайды.
- Механикалық зақымданудың барлық жағдайлары: өнімді пайдалану кезінде алынған сызаттар, жарықтар, деформациялар, соққылар, майысулар, басып қалулар және т.б.
- Мұндай жұмыстарды жүргізуге уәкілеттігі жоқ адамдардың бөгде модификацияның, рұқсатсыз жөндеудің іздері бар. Егер ақау өнімнің дизайнын немесе схемасын өзгертуге, өндіруші көздемейтін сыртқы құрылғыларды қосуға, жергілікті заңнамаға сәйкес сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыны пайдалануға байланысты болса.
- Егер өнімнің ақауы еңсерілмейтін күштің әсерінен (табиғи элементтер, өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, тұрмыстық факторлар және өндірушіге тәуелді емес басқа жағдайлар) немесе өндіруші болжай алмайтын үшінші тұлғалардың әрекеттерінен туындаса. Ақау өнімнің ішіне бөгде заттардың, бөгде заттардың, заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің немесе жануарлардың енуінен, агрессивті ортаның әсерінен, жоғары ылғалдылықтан, өнімнің толық немесе ішінара істен шығуына әкелетін жоғары температурадан туындайды.
- Бұйымды сәйкестендіру (сериялық нөмірі) жоқ немесе сәйкес келмейді. Егер зақымданулар (кемшіліктер) зиянды бағдарламалық қамтамасыз етудің әсерінен туындаса; БҚ жеткізушінің осы қызметті ұсынуының болмауына байланысты бұйымның бағдарламалық ресурстарына қолжетімділіктің болмауына әкеп соққан парольдерді (кодтарды) орнату, ауыстыру немесе жою.
- Егер жұмыстың ақаулары қоректендіруші, кәбілдік, телекоммуникациялық желілердің, радиосигнал қуатының стандарттарға немесе техникалық регламенттерге сәйкес келмеуінен, оның ішінде рельеф ерекшеліктері мен басқа да осыған ұқсас сыртқы факторлардан, бұйымның желі әрекет ету аймағының шекарасында немесе сыртында пайдаланылуынан туындаған болса.
- Егер зақым стандартты емес (бастапқы емес) және/немесе сапасыз (зақымдалған) шығыс материалдарын, жабдықтарды, қосалқы бөлшектерді, қоректендіру элементтерін, әртүрлі типтегі ақпарат тасымалдағыштарды (CD, DVD дискілерді, жад карталарын, SIM карталарын, картридждерді қоса алғанда) пайдаланудан туындаса.
- Егер кемшіліктер сәйкес емес контентті алуға, орнатуға және пайдалануға байланысты болса (әуендер, графика, бейнелер және басқа файлдар, Java қосымшалары және ұқсас бағдарламалар).
- Осы бұйыммен жанасып жұмыс істейтін басқа жабдыққа келтірілген залал үшін.



www.dexp.club